



Көшірме № _____

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2025-2026 оқу жылына арналған сапа саласындағы
МАҚСАТТАРЫ**

Университеттің нысаналы моделі мен даму стратегиясы – Қазақстанның, Орта және Орталық Азияның аграрлық бейіндегі элиталық ғылыми-инновациялық ЖОО:

- ғылыми-зерттеу ұйымдарымен және экономиканың нақты секторымен ынтымақтаса отырып, халықаралық стандарттар деңгейінде ғылым-білім беру процесін жүзеге асырып келеді;
- ауылшаруашылығындағы инновациялық аграрлық зерттеулер мен қайта құрулардың бастаушысы болып табылады;
- білім мен технологиялардың таралуын, инновациялық ғылым-білім беру инфрақұрылымын қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді;
- адами капиталды дамыту үшін жағдай жасауға кепілдік береді;
- QS-WUR әлемдік рейтингіндегі 600 жоғары оқу орнының қатарына кіреді.

Университеттің мақсаты:

Елдің ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту, білім беру сапасын, материалдық-техникалық базаны арттыру, түлекті мәдениеті жоғары, әлеуметтік жауапты тұлға ретінде қалыптастыру.

Мақсаттар жүйесі:

- ҚазҰАЗУ-ды халықаралық деңгейдегі аграрлық зерттеу университетіне айналдыру;
- аграрлық білім беруді, ғылым мен өндірісті одан әрі интеграциялауды күшейту; зерттеушілер санының көбеюі – 11,8%;
- Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR секілді рейтингі жоғары басылымдарға университет қызметкерлерінің мақалалары мен шолуларын жариялау – 33;
- ҒЗТҚЖ жүзеге асыратын ғалымдар мен зерттеушілердің жалпы санына шаққанда жас ғалымдардың үлесі – 41%;
- сенімгерлік басқаруға берілген ҒЗИ базасында кемінде 58 магистрант пен PhD докторантты бірлесіп даярлау;
- корпоративтік басқарудың тиімді моделін құру және университеттің зияткерлік әлеуетін нығайту;
- ҒҒТҚН коммерцияландыру экожүйесін және Extension жүйесін дамыту;
- аяқталған қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санына шаққанда коммерцияланатын жобалардың үлесі - 28%;
- университеттің веб-сайтын жаңарту және оған білім таратудың қосымша функционалдарын қосу;
- ғылым-білім беру инфрақұрылымы мен цифрлық архитектураны дамыту: зертханалардың жаңартылған жабдықтарының үлесі – 25%, IT-инфрақұрылымды жаңарту – 30%;
- білім алушылар мен ПОҚ-тың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту;
- білім алушыларға арналған 450 орындық жаңа жатақхана құрылысының аяқталуы (бас кампус);

Басқарма Төрағасы Ретор

А. Күрішбаев



Алматы, 2025